

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары»сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological Sciences»
№1(95), 2026

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№1(95), 2026 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
PhD, зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Сұлтан Е.

Бас редактордың орынбасары:
филол.ғ.д., проф. Абишева С.Д.

Ғылыми редактор:
филол.ғ.д., проф. Есенова К.У.

Редакциялық алқа:
филол.ғ.к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.
филол.ғ.к., қауымд. проф. Жиренов С.А.
филол.ғ.д., проф. Османова З.Ж.
эл-Фараби ат. ҚазҰУ, филол.ғ.к., қауымд. проф. Джолдасбекова Б.У.
пед.ғ.д., проф., эл-Фараби ат. ҚазҰУ
Салханова Ж.Х.
филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ
Книнова Ж.К.

PhD, қауымд. проф. м.а., Т.Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясы

Жалалова А.М.

филол.ғ.д., проф.,

Ресей халықтар достығы университеті

Бахтикереева У.М. (Ресей)

филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай мемлекеттік

университеті Алексеев П.В. (Ресей)

филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур

университеті Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Джордж Вашингтон

университеті Роллберг П. (АҚШ)

PhD, проф., Орталық Ланкашир

университеті Табачникова О.М.

(Ұлыбритания)

Жауапты хатшы:

PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.

Техникалық хатшы:

PhD, қауымд. проф. Сабирова Д.А.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2026

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 30.03.2026 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 18.25 е.б.т.
Тапсырыс 634.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ

ЛИНГВИСТИКА

LINGUISTICS

Абдиева Г.М., Керимбаева С.Е. Метаязык цифровой эпохи: как «ключевые слова» формируют картину мира..... 5

Әбдиева Г.М., Керімбаева С.Е. Цифрлық дәуірдің метатілі: «кілт сөздер» дүниенің тілдік бейнесін қалай қалыптастырады

Abdiyeva G.M., Kerimbayeva S.E. Metalanguage of the digital age: how “keywords” shape the linguistic worldview

Базарбекова Д.М., Нуржанова А.С., Баймыш Л.Қ. Жастар тілінідегі интернет-сленг: когнитивтік және социолінгвистикалық сипаты..... 23

Базарбекова Д.М., Нуржанова А.С., Баймыш Л.Қ. Интернет-сленг в молодежном языке: когнитивные и социолінгвистические характеристики

Bazarbekova D.M., Nurzhanova A.S., Baymysh L.K. Internet slang in youth language: cognitive and sociolinguistic characteristics

Каримова Д.Р., Жумагулова Б.С. Концептуальные метафоры с лексемой «тайна» в поздних произведениях И.Тургенева..... 36

Каримова Д.Р., Жұмағұлова Б.С. Тургеневтің кейінгі еңбектеріндегі «құпия» лексемасымен байланысты ұғымдық метафоралар

Karimova D.R. Zhumagulova B.S. Conceptual metaphors with the lexeme “secret” in Turgenev's later works

Молдабекова С.А., Иргебаева А.Б. Специфика функционирования этнокультурной лексики в современной казахстанской прозе (на материале произведения Е.Турсунова «Мелочи жизни»)..... 51

Молдабекова С.А., Иргебаева А.Б. Қазіргі қазақстандық прозадағы этномәдени лексиканың функционалдық ерекшеліктері (Е.Тұрсынұовтың «Мелочи жизни» туындысының негізінде)

Moldabekova S.A., Irgebayeva A.B. Specificity of ethno-cultural vocabulary functioning in modern Kazakhstani prose (based on E.Tursunov's work “Melochi zhizni”)

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК
Серия «Филологические науки»
№1(95), 2026 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор
PhD, проректор по исследованиям и инновациям Сұлтан Е.

Зам. гл. редактора
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Научный редактор
д.филол.н., проф. Есенова К.У.

Редакционная коллегия:
к.филол.н., ассоц. проф. Сатемирова Д.А.
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.
к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.
д.филол.н., проф., КазНУ им. аль-Фараби

Джолдасбекова Б.У.
д.пед.н., проф. КазНУ им. аль-Фараби

Салханова Ж.Х.
д.филол.н., проф. КазНУ им. аль-Фараби

Кыинова Ж.К.
PhD, и.о. ассоц. проф. КазНАИ им.
Т.Жургенова Жалалова А.М.
д.филол.н., проф., РУДН

Бахтикереева У.М. (Россия)
д.филол.н., доцент, Горно-Алтайский
государственный университет

Алексеев П.В. (Россия)
д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский
университет Киклевич А.К. (Польша)
PhD, проф., Университет Джорджа

Вашигтона Роллберг П. (США)
PhD, проф., Университет Центрального
Ланкашира Табачникова О.М.
(Великобритания)

Ответственный секретарь:
PhD, и.о. ассоц. проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:
PhD, ассоц. проф. Сабирова Д.А.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2026

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 30.03.2026 г.
Формат 60x84 1/8. Объем 18.25 уч-изд.л.
Заказ 634.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского
национального педагогического университета
им. Абая

ӘДЕБИЕТТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

LITERARY STUDIES

Bezborodova D.E., Kurmanbayeva D.T. Analysis of the artistic world of fantasy-novel (based on Cassandra Clare's "Chain of Gold")..... 62

Безбородова Д.Е., Курманбаева Д.Т. Фэнтези-роман көркем әлемін талдау (Кассандра Клэрдің "Chain of Gold" негізінде)

Безбородова Д.Е., Курманбаева Д.Т. Анализ художественного мира фэнтези-романа (на материале "Chain of Gold" Кассандры Клэр)

Газизов Г.Д. Кеменгер Қ.Р. Ахмет Байтұрсынұлы – көркем шығарма кейіпкері..... 71

Газизов Г.Д. Кеменгер Қ.Р. Ахмет Байтұрсынұлы как персонаж художественного произведения

Gazizov G.D., Kemenger K.R. Akhmet Baitursynully as a character in fiction

Ибраева А.Д., Жүнісбек Н.Р., Сагынбекова Д.Б. Қазақ прозасының сахналық бейімделуі: инсценировка мен психологиялық интерпретация..... 81

Ибраева А.Д., Жүнісбек Н.Р., Сагынбекова Д.Б. Сценическая адаптация казахской прозы: инсценировка и психологическая интерпретация

Ibrayeva A.D., Zhunisbek N.R., Sagynbekova D.B. Stage adaptation of kazakh prose: staging and psychological interpretation

Jiang Xuehua, Bai Xiaoyu The image of China in Russian literature..... 90

Цзян Сюэхуа, Бай Сяююй Орыс әдебиетіндегі Қытай бейнесі

Цзян Сюэхуа, Бай Сяююй Образ Китая в русской литературе

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Aminova L.A., Saurbayev R.Zh, Yerekhanova F.T. Utilizing dramatic texts as a pedagogical tool for the instruction of dialogical communication..... 97

Аминова Л.А., Саурбаев Р.Ж., Ереханова Ф.Т. Диалогтық қарым-қатынасты бағалау үшін драматикалық мәтіндерді педагогикалық құрал ретінде пайдалану

Аминова Л.А., Саурбаев Р.Ж., Ереханова Ф.Т. Использование драматических текстов в качестве педагогического инструмента для обучения диалогической коммуникации

Abai Kazakh National
Pedagogical University

BULLETIN
Series "Philological Sciences"
No. 1(95), 2026.

Periodicity – 4 issues per year.
Published since 2000.

Editor-in-chief

PhD, Vice-Rector for Research and Innovation
Sultan E.

Deputy editor-in-chief

Doctor of Phil. Sciences, Prof. **Abisheva S.**

Scientific editor

Doctor of Phil. Sciences, Prof. **Essenova K.**

Editorial board

Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.

Satemirowa D.

Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.

Zhirenov S.

Candidate of Phil. Sciences, Assoc. Prof.

Osmanova Z.

Dr of Phil. Sciences, Prof., Al-Farabi Kazakh
National University **Dzholdasbekova B.**

Doctor of Ped. Sciences, Prof., Al-Farabi Kazakh
National University **Salkhanova Zh.**

Doctor of Phil. Sciences, Prof.,
Kazakh National Women's Teacher Training
University **Kiynova Zh.**

PhD, Assoc. Prof., T. Zhurgenov Kazakh
National Academy of Arts **Zhalalova A.**

Dr of Phil. Sciences, Prof., RUDN

Bakhtikireeva U. (Russia)

Doctor of Phil. Sciences, Assoc. Prof., Gorno-
Altaysk State University **Alekseyev P.** (Russia)

Dr of Phil. Sciences, Prof., University of Warmia
and Mazury **Kiklewicz A.** (Poland)

PhD, Prof., George Washington

University **Rollberg P.** (USA)

PhD, Prof., University of Central Lancashire

Tabachnikova O. (The United Kingdom)

Executive Secretary

PhD, Assoc. prof. **Serikova S.**

Technical Secretary

PhD, Assoc. prof. **Sabirova D.**

©Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2026

Registered in the Ministry of Culture and
Information of the Republic of Kazakhstan
8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 30.03.2026.
Format 60x84 1/8. Volume 18.25
teaching and publishing lists. Order 634.

050010, Almaty, Dostyk Avenue 13,
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

Berdaliyeva D.A., Manaliyeva A.Zh. Communicative
competence formation based on authentic song material..... 104

Бердалиева Д.А., Маналиева А.Ж. Шынайы ән
материалы негізінде коммуникативтік құзыреттілікті
калыптастыру

Бердалиева Д.А., Маналиева А.Ж. Формирование
коммуникативной компетенции на основе аутентичного
песенного материала

Куттубаева И.К., Абилова Б.А., Сейткамалова А.А.
Академическое письмо студентов как форма освоения
норм русского языка..... 111

Куттубаева И.К., Абилова Б.А., Сейткамалова А.А.
Студенттердің академиялық жазуы орыс тілінің тілдік
нормаларын меңгерудің тиімді формасы ретінде

Kuttubayeva I.K., Abilova B.A., Seitkamalova A.A.
Academic writing of students as a form of mastering the norms
of the Russian language

Sambetov Y.S., Semen Y.S. AI-supported feedback and
progress assessment in ELF: pedagogical possibilities and
challenges..... 120

Самбетов Е.С., Семен Е.С. ЖИ арқылы ағылшын тілін
шет тілі ретінде оқытудағы прогреске кері байланысы мен
бағалауы: педогогикалық мүмкіндіктер мен мәселелер

Самбетов Е.С., Семен Е.С. Обратная связь и оценка
прогресса в преподавании английского как иностранного
языка с использованием ИИ: педагогические возможности и
проблемы

Tukhtakulova A.Zh., Agabekova B.N. Pedagogical
conditions for third language acquisition..... 127

Тухтакулова А.Ж., Агабекова Б.Н. Үшінші тілді
үйренудің педагогикалық шарттары

Тухтакулова А.Ж., Агабекова Б.Н. Педагогические
условия для изучения третьего языка

АУДАРМАТАНУ

ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ

TRANSLATION STUDIES

Молдағали М.Б., Абишева С.Д., Сабирова Д.А. Теория и
практика перевода поэтического текста..... 133

Молдағали М.Б., Абишева С.Д., Сабирова Д.А.
Поэтикалық мәтінді аударудың теориясы мен практикасы

Moldagali M.B., Abisheva S.D., Sabirova D.A. Theory and
practice of poetic text translation

Біздің авторлар..... 140

Наши авторы..... 142

Our authors..... 144

Базарбекова Д.М.¹ , *Нуржанова А.С.² , Баймыш Л.Қ.³ 

¹Қазақ ұлттық спорт университеті

²С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

^{1,2}Астана, Қазақстан

³Орталық Азия инновация университеті

Шымкент, Қазақстан

e-mail: Dumanbaz2013@gmail.com

*e-mail: nursar_66@mail.ru

e-mail: Laura.baymysh@mail.ru

ЖАСТАР ТІЛІНДЕГІ ИНТЕРНЕТ-СЛЕНГ: КОГНИТИВТІК ЖӘНЕ СОЦИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі жастар қарым-қатынасындағы интернет-сленгтің социолінгвистикалық, когнитивтік және лингвомәдени ерекшеліктері кешенді түрде қарастырылады. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер кеңістігінде қалыптасқан сленгтік бірліктердің пайда болу алғышарттары, олардың таралу тетіктері мен жастар дискурсында атқаратын коммуникативтік қызметтері жан-жақты талданады. Интернет-сленг жастар арасындағы бейресми қарым-қатынасты ұйымдастыратын, эмоциялық-экспрессивті мәнді күшейтетін және әлеуметтік идентификацияны қамтамасыз ететін маңызды тілдік құрал ретінде сипатталады. Зерттеу барысында интернет-сленгке қатысты шетелдік және отандық ғалымдар тұжырымдары жүйеленіп, олардың сленгті семантикалық динамика, когнитивтік құрылым, ұлттық тілдік орта, билингвизм және әдеби тіл нормаларымен сабақтастықта қарастыру бағыттары салыстырмалы түрде сараланады. Шетелдік зерттеулерде сленгтің мағыналық өзгергіштігі мен когнитивтік табиғатына басымдық берілсе, отандық еңбектерде оның қазақ тілінің дамуына, тілдік мәдениетке және әдеби тіл нормаларына ықпалы мәселелері кеңінен қарастырылады. Сонымен қатар мақалада интернет-сленгтің концепт ретінде қалыптасуы когнитивтік модельдер мен фреймдер негізінде сипатталып, сленг бірліктерінің жастар санасында белгілі бір эмоциялық, бағалауыш және әлеуметтік мәндермен тұрақты байланыс орнататыны көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері жастар тілінің динамикасын, қазақ тілінің қазіргі даму үдерістерін және цифрлық коммуникацияның тілге әсерін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. Мақала интернет-сленгті тіл дамуының табиғи көрінісі әрі заманауи жастар мәдениетінің маңызды тілдік индикаторы ретінде бағалауға ғылыми негіз ұсынады.

Түйін сөздер: интернет-сленг, жастар тілі, әлеуметтік желі, интернет-дискурс, социолінгвистика, когнитивтік лингвистика

Базарбекова Д.М.¹ , *Нуржанова А.С.² , Баймыш Л.Қ.³ 

¹Казахский национальный университет спорта

²Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина
^{1,2}Астана, Казахстан

³Центрально-Азиатский Инновационный университет
Шымкент, Казахстан

e-mail: Dumanbaz2013@gmail.com

*e-mail: nursar_66@mail.ru

e-mail: Laura.baymysh@mail.ru

ИНТЕРНЕТ-СЛЕНГ В МОЛОДЕЖНОМ ЯЗЫКЕ: КОГНИТИВНЫЕ И СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Аннотация

В статье комплексно рассматриваются социолингвистические, когнитивные и лингвокультурные особенности интернет-сленга в современной молодежной коммуникации. Анализируются причины возникновения сленговых единиц в пространстве социальных сетей и мессенджеров, механизмы их распространения и коммуникативные функции в молодежном дискурсе. Интернет-сленг выступает важным языковым инструментом, организующим неформальное общение, усиливающим эмоционально-экспрессивное значение и обеспечивающим социальную идентификацию. В исследовании систематизируются выводы зарубежных и отечественных ученых, рассматривающих сленг с позиции семантической динамики, когнитивной структуры, национальной языковой среды, билингвизма и норм литературного языка. Зарубежные исследования акцентируют внимание на когнитивной природе и семантической изменчивости сленга, тогда как отечественные работы сосредоточены на его влиянии на развитие казахского языка, языковую культуру и нормы литературного языка. Кроме того, статья описывает формирование сленга как концепта на основе когнитивных моделей и фреймов, показывая, что сленговые единицы формируют устойчивые эмоциональные, оценочные и социальные связи в сознании молодежи. Результаты исследования позволяют глубже понять динамику молодежного языка, современные процессы развития казахского языка и влияние цифровой коммуникации на язык. Интернет-сленг рассматривается как естественное проявление языкового развития и важный языковой индикатор современной молодежной культуры.

Ключевые слова: интернет-сленг, молодежный язык, социальные сети, интернет-дискурс, социолингвистика, когнитивная лингвистика

Bazarbekova D.M.¹ , *Nurzhanova A.S.² , Baymys L.K.³ 

¹*Kazakh National University of Sports*
²*S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University*
^{1,2}*Astana, Kazakhstan*
³*Central Asia Innovation University*
Shymkent, Kazakhstan
e-mail: Dumanbaz2013@gmail.com
**e-mail: nursar_66@mail.ru*
e-mail: Laura.baymysh@mail.ru

INTERNET SLANG IN YOUTH LANGUAGE: COGNITIVE AND SOCIOLINGUISTIC CHARACTERISTICS

Abstract

The article provides a comprehensive analysis of the sociolinguistic, cognitive, and linguocultural features of internet slang in contemporary youth communication. The study examines the causes of the emergence of slang units in social networks and messaging platforms, their mechanisms of dissemination, and their communicative functions in youth discourse. Internet slang serves as an important linguistic tool that structures informal communication, enhances emotional-expressive meaning, and facilitates social identification. The research systematizes the findings of both foreign and domestic scholars, considering slang in terms of semantic dynamics, cognitive structure, national linguistic environment, bilingualism, and literary language norms. Foreign studies emphasize the cognitive nature and semantic variability of slang, whereas domestic research focuses on its influence on the development of the Kazakh language, linguistic culture, and literary norms. Additionally, the article explores the formation of slang as a concept based on cognitive models and frames, demonstrating that slang units establish stable emotional, evaluative, and social connections in the minds of young people. The findings contribute to a deeper understanding of youth language dynamics, current processes in the development of the Kazakh language, and the impact of digital communication on language. Internet slang is viewed as a natural manifestation of language development and an important linguistic indicator of contemporary youth culture.

Keywords: internet slang, youth language, social networks, internet discourse, sociolinguistics, cognitive linguistics

Кіріспе. ХХІ ғасырдағы цифрландыру үдерісі адамзаттың қарым-қатынас жасау формаларын түбегейлі өзгертті. Ақпараттық технологиялардың жедел дамуы, интернеттің күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналуы және әлеуметтік желілердің кең таралуы коммуникацияның жаңа түрлерін қалыптастырды. Қазіргі таңда Facebook, Instagram, TikTok, Telegram, X (Twitter), YouTube сияқты әлеуметтік платформалар тек ақпарат алмасу құралы ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастыратын, мәдени құндылықтарды таратып, тілдік нормаларға ықпал ететін маңызды әлеуметтік ортаға айналып отыр. Осы цифрлық кеңістікте пайда болған тілдік құбылыстардың бірі – интернет-сленг.

Әлеуметтік желілердегі сленг дәстүрлі ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тіл шеңберінен шығып, жазбаша әрі мультимодальды интернет-дискурста белсенді қолданысқа ие болды. Бұл құбылыс тілдің икемділігі мен өзгермелілігін көрсетіп қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік, мәдени және психологиялық өзгерістердің тілдегі көрінісі ретінде қалыптасуда. Интернет-сленгтің ерекшелігі – оның жылдам пайда болып, тез таралуы, сондай-ақ белгілі бір кезеңде белсенді қолданыстан шығып қалу мүмкіндігі. Мұндай динамика әлеуметтік желілердің табиғатына, трендтер мен виртуалды қауымдастықтардың ықпалына тікелей байланысты.

Жастар аудиториясы басым болатын әлеуметтік желілер кеңістігінде сленг тілдік үнемділік, эмоциялық-экспрессивтілік және әлеуметтік идентификация құралы ретінде кеңінен қолданылады. Жастар сленгті өзара қарым-қатынасты жеңілдету, эмоцияны қысқа әрі әсерлі жеткізу, белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілілігін көрсету мақсатында пайдаланады. Осы тұрғыдан алғанда, интернет-сленг жастардың дүниетанымын, құндылықтар жүйесін және әлеуметтік тәжірибесін бейнелейтін маңызды тілдік маркерге айналады.

Қазіргі жастар дискурсында жиі кездесетін сленг бірліктері күрделі эмоциялық, бағалауыш және қатынастық мағыналарды ықшам формада жеткізеді. Мысалы, әлеуметтік желілерде кең таралған келесі сленг сөздер мен тіркестерді атап өтуге болады: Жастар интернет-дискурсында жиі қолданылатын сленг мысалдары: вайб, кринж, фейк, шок, флекс, респект, бан, тема, лафа, хавчик, сушняк т.б. Аталған сленг бірліктері жастардың эмоциялық күйін, әлеуметтік бағасын, қарым-қатынас сипатын және виртуалды ортадағы мінез-құлқын бейнелейді. Бұл сөздердің басым бөлігі ағылшын және орыс тілдерінен енгенімен, қазақ тілдік ортада жаңа мағыналық реңкке ие болып, ұлттық дискурста өзіндік қолданысқа түсуде. Зерттеудің өзектілігі әлеуметтік желілердегі сленгтің тек лексикалық құбылыс ретінде емес, концептуалдық деңгейде қалыптасатын когнитивтік феномен екендігімен анықталады.

Сленг арқылы жастар әлемді таниды, әлеуметтік шындықты интерпретациялайды және өзінің әлеуметтік тәжірибесін тіл арқылы модельдейді. Интернет-сленг белгілі бір ұғымдарды, эмоциялар мен бағалауларды тұрақты түрде бекітіп, концепт деңгейіне көтереді. Мысалы, «токсик» концепті жағымсыз мінез-құлықты, ал «краш» концепті романтикалық идеал бейнесін білдіретін тұрақты танымдық модель ретінде қалыптасады. Сонымен қатар интернет-сленг лингвомәдени тұрғыдан да маңызды. Ол жаһандану үдерісінің, батыс мәдениетінің және жастар субмәдениетінің ықпалын көрсетумен қатар, ұлттық дүниетаным элементтерінің сақталуын да аңғартады. Бұл құбылыс қазақ тілінің қазіргі дамуындағы көпқабатты және пәнаралық сипатты айқындайды.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – әлеуметтік желілердегі сленгтің қолданыс ерекшеліктерін кешенді түрде талдау және оның концепт ретінде қалыптасу тетіктерін когнитивтік-лингвистикалық тұрғыдан анықтау болып табылады.

Әдістер мен материалдар. Зерттеудің материалы әлеуметтік желілер кеңістігінде қалыптасқан қазіргі сленгтік лексиканы жан-жақты қамту мақсатында іріктелді. Негізгі дереккөз ретінде 2022-2025 жылдар аралығында кең қолданыста болған Instagram, TikTok, Telegram, Facebook және X (Twitter) платформаларындағы ашық мәтіндік және мультимодальды контент пайдаланылды. Материал жинақтау барысында жастар аудиториясы белсенді қатысатын парақшалар, пабликтер, пікірлер бөлімі, сторис мәтіндері, қысқа бейнероликтерге жазылған комментарийлер және чаттық жазбалар назарға алынды. Зерттеу корпусына күнделікті тұрмыстық қарым-қатынаста жиі кездесетін, бейресми сипаттағы сленг бірліктері енгізілді. Жалпы тілдік материал көлемі шамамен 8 000-нан астам тілдік бірлікті қамтиды. Оның ішінде жекелеген сленг сөздер, қысқарған формалар, гибриді құрылымдар (қазақша-орысша, қазақша-ағылшынша), эмодзи мен мәтіннің бірлікте қолданылу үлгілері, сондай-ақ хэштегтер мен интернет-мемдерге тән лексикалық элементтер бар. Материалды іріктеу кезінде сленгтің тұрақты қолданылуы, мағыналық жүктемесінің айқын болуы және концептуалдық әлеуеті негізгі критерий ретінде алынды. Бір реттік, кездейсоқ немесе жеке авторлық қолданыстар зерттеу корпусына енгізілген жоқ.

Зерттеу барысында жиналған материал тақырыптық және семантикалық белгілеріне қарай бірнеше топқа бөлінді. Атап айтқанда, эмоциялық-экспрессивтік сленг (вау, жесьть, имба), бағалауыш сленг (топ, отстой, кринж), қарым-қатынасқа бағытталған сленг (бро, краш, шипперлеу), сондай-ақ өзін-өзі таныту мен идентификацияға қатысты сленг бірліктері (флекс, хайп, вайб). Мұндай жіктеу сленгтің функционалдық және когнитивтік сипатын тереңірек ашуға мүмкіндік берді. Зерттеудің әдіснамалық негізін қазіргі лингвистиканың антропоэлектік, когнитивтік және әлеуметтік бағыттары құрайды.

Сленг тек тілдік бірлік ретінде емес, әлеуметтік тәжірибе мен танымның көрінісі ретінде қарастырылды. Осыған байланысты зерттеу пәнаралық сипатта жүргізіліп, тіл білімімен қатар әлеуметтік психология, мәдениеттану және медиа зерттеулердің кейбір қағидалары пайдаланылды. Негізгі әдістердің бірі – сипаттамалы-талдамалық әдіс. Бұл әдіс арқылы әлеуметтік желілердегі сленг бірліктерінің құрылымдық ерекшеліктері, сөзжасамдық үлгілері және қолданыс жиілігі анықталды. Сленгтің қысқарту, транслитерация, фонетикалық өзгеріс, сөз мағынасының ауысуы сияқты тілдік тетіктері нақты мысалдар негізінде сипатталды. Сонымен қатар сипаттамалы әдіс сленгтің динамикалық сипатын, яғни оның тез пайда болып, кей жағдайда жылдам қолданыстан шығуын көрсетуге мүмкіндік берді. Семантикалық талдау әдісі сленг бірліктерінің мағыналық құрылымын ашуға бағытталды. Бұл әдіс арқылы сленг сөздердің негізгі және қосымша мағыналары, эмоциялық-бағалауыш реңктері, контекстік тәуелділігі анықталды.

Әлеуметтік желілерде бір сленг сөздің әртүрлі коммуникативтік жағдаятта әрқалай мағына беруі семантикалық талдаудың негізгі нысаны болды. Мысалы, «кринж» сөзі жағымсыз бағалауды білдірсе де, кей контексте ирониялық немесе әзілдік мәнге ие болатыны анықталды. Когнитивтік талдау зерттеудің жетекші әдістерінің бірі ретінде қолданылды. Бұл әдіс сленгтің концепт ретінде қалыптасуын, оның артында тұрған танымдық модельдер мен менталдық құрылымдарды айқындауға мүмкіндік берді. Сленг бірліктері белгілі бір концептосфераның элементі ретінде қарастырылып, олардың «эмоция», «бағалау», «идентификация», «өзін-өзі таныту» сияқты базалық концепттермен байланысы талданды. Когнитивтік талдау барысында концептуалдық метафора мен метонимия тетіктері ерекше назарға алынды. Фреймдік семантика әдісі арқылы сленгтің әлеуметтік желідегі дискурстық ұйымдасуы зерттелді. Әрбір сленг бірлігі белгілі бір ситуациялық фрейм аясында қарастырылды. Мысалы, «краш» ұғымы романтикалық қарым-қатынас фреймімен, ал «токсик» әлеуметтік қақтығыс және жағымсыз мінез-құлық фреймімен байланысты талданды. Бұл әдіс сленгтің тек жеке сөз емес, тұтас коммуникативтік сценарийдің бір бөлігі екенін көрсетуге мүмкіндік берді. Лингвомәдени талдау әдісі сленгтің мәдени кодтармен байланысын анықтауға бағытталды. Әлеуметтік желі сленгінде жаһандану үдерісінің, батыс мәдениетінің, жастар субмәдениетінің және ұлттық дүниетаным элементтерінің қалай тоғысатыны талданды. Қазақ тіліндегі сленг бірліктерінде ұлттық юмор, ирония және бейнелілік сақталғанымен, олардың семантикасына шетелдік мәдени модельдердің ықпалы айқын екені анықталды.

Сонымен қатар салыстырмалы әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы қазақ тіліндегі әлеуметтік желі сленгі орыс және ағылшын тілдеріндегі ұқсас бірліктермен салыстырылды. Салыстыру нәтижесінде көптеген сленг сөздердің тікелей калька немесе бейімделген нұсқа екені, алайда ұлттық тілдік ортада өзіндік мағыналық реңкке ие болатыны анықталды. Жалпы алғанда, қолданылған әдістер кешені әлеуметтік желілердегі сленгті көпқырлы құбылыс ретінде сипаттауға мүмкіндік берді. Материал мен әдістердің жүйелі үйлесімі зерттеудің ғылыми негізділігін арттырып, алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етті. Зерттеу әдістері: сипаттамалы әдіс, семантикалық талдау, когнитивтік талдау, фреймдік семантика, концептуалдық метафора әдісі, салыстырмалы және лингвомәдени талдау.

Нәтижелер және талқылау. Қазіргі тіл білімінде сленг мәселесі социолингвистика, интернет-лингвистика және когнитивтік лингвистика салаларының тоғысында қарастырылатын күрделі әрі көпқырлы құбылыс ретінде танылып отыр.

XXI ғасырдағы цифрландыру үдерісі, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қарқынды дамуы тілдің дәстүрлі қызмет ету механизмдерін өзгертіп, бейресми коммуникацияның жаңа формаларын қалыптастырды. Осы үдерістің нәтижесінде сленг тек ауызекі сөйлеу шеңберінде ғана емес, жазба және мультимодальды интернет дискурсында да белсенді қолданысқа ие болды. Ғылыми әдебиеттерде сленг көбіне белгілі бір әлеуметтік топқа, жас ерекшелігіне немесе коммуникациялық ортаға тән бейресми тілдік бірліктер жүйесі ретінде сипатталады. Бұл тұрғыда сленг тілдің динамикалық, өзгермелі қабаты болып

табылады және қоғамдағы әлеуметтік, мәдени, технологиялық өзгерістерге тез бейімделуімен ерекшеленеді. Зерттеушілер сленгті тек тілдік ауытқу ретінде емес, әлеуметтік тәжірибе мен когнитивтік модельдердің көрінісі ретінде қарастыру қажеттігін атап көрсетеді.

Д.Кристал интернет-лингвистика саласындағы еңбектерінде цифрлық коммуникацияның тілге әсерін жүйелі түрде сипаттайды [1]. Ғалым интернет кеңістігін тілдік эксперименттерге қолайлы орта ретінде қарастырып, сленгтің дәл осы ортада қарқынды дамитынын дәлелдейді. Кристалдың пікірінше, жастар аудиториясы интернет тілінің негізгі қозғаушы күші болып табылады, ал сленг – олардың өзіндік тілдік идентификациясының көрінісі.

D.Keidar, A.Opedal, J.Jing және M.Sachанның «*Slangvolution: A Causal Analysis of Semantic Change and Frequency Dynamics in Slang*» атты зерттеуі сленгті корпусстық және есептеу лингвистикасы тұрғысынан талдаумен ерекшеленеді [2]. Авторлар сленг сөздердің мағынасы салыстырмалы түрде тұрақты болғанымен, олардың қолданыс жиілігі әлеуметтік трендтерге байланысты тез өзгеретінін дәлелдейді.

Бұл еңбек сленгтің қоғамдағы өзгерістерге аса сезімтал тілдік қабат екенін көрсетіп, тіл эволюциясын себеп-салдарлық байланыстар арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. R. Zemel мен Y. Xu еңбектерінде сленгтің икемділігі мен контекстке тәуелді мағынасы қазіргі табиғи тілдерді өңдеу жүйелері үшін күрделі мәселе екені көрсетіледі. Ғалымдар сленг сөздердің дәстүрлі және сленгтік мағыналарын байланыстыратын модельдер ұсынып, сленгтің жасырын семантикалық құрылымын ашады [3].

Бұл зерттеулер сленгтің когнитивтік табиғатын, яғни оның мағынасы тек тілдік форма арқылы емес, контекст пен прагматикалық факторлар арқылы қалыптасатынын дәлелдейді.

Jingzi Zhang-тың «*A Sociolinguistics Analysis of Slang in America*» атты еңбегі сленгті әлеуметтік функциялары тұрғысынан жан-жақты талдаумен ерекшеленеді. Автор сленгтің қарым-қатынасты жеңілдету, әлеуметтік идентификацияны білдіру, топтық бірлікті нығайту және экспрессивтілікті арттыру қызметтерін көрсетеді. Zhang сленгтің дамуын тарихи және мәдени контекстпен байланыстыра отырып, оны қоғамдық феномен ретінде қарастырады [4].

М.Фарзандтың зерттеулері интернет-сленгтің тарихи дамуын, оның 1980-1990 жылдардағы алғашқы онлайн коммуникация тәжірибесінен бастау алатынын көрсетеді. Автор интернет-сленгтің қысқалық, экспрессивтілік және визуалды элементтермен байланысын атап өтеді.

Бұл еңбек интернет-сленгті тілдің икемділігін көрсететін динамикалық құбылыс ретінде сипаттайды [5].

Қазақстандық тіл білімінде сленг мәселесі көбіне ұлттық тілдік орта, билингвизм және тіл тазалығы тұрғысынан қарастырылады. Бұл бағыттағы зерттеулер сленгтің қазақ әдеби тіліне әсерін анықтауға бағытталған.

Ауғанбаева, Мамаева, Тусупбекова «Жастар тіліндегі сленгтер мен жаргондар» атты зерттеуінде қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі сленгтің әдеби тіл нормаларына ықпалы жан-жақты талданады. Авторлар *окей, гоу, изи, хайп, хейт* сияқты кірме сленг бірліктерінің жиі қолданылуы қазақ тіліндегі баламалардың қолданыс аясын тарылтатынын атап көрсетеді [6]. Бұл еңбек жастар сленгінің тілдің ең өзгергіш қабаты екенін дәлелдеп, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің оның дамуына негізгі фактор болғанын көрсетеді.

Тіл өзгеруі табиғи процесс болғандықтан, заман ағымына қарай сыртқы көрсеткіш факторлар өз салдарын тигізеді [7].

Қарагулова Б.С., Абдирова Ш.Г., Бекниязова Д.Д. («Қазіргі қазақ тілінің әлеуметтік стратификациясы жүйесіндегі жастар тілі (сленг)» мақаласында қазіргі қазақ тіліндегі жастар тілі, атап айтқанда жаргон, арго және сленг бірліктері әлеуметтік топтарға тән тілдік қабат ретінде зерттеген. [8] Тілімізде болатын әртүрлі құбылыстар алдымен ауызекі тіл негізінде танылады, себебі ол қоғаммен, әлеуметтік өмірмен тығыз байланысты [9].

Бұл зерттеулерде жастар сленгі әлеуметтік стратификация тұрғысынан қарастырылады.

Авторлар қазақ жастарының сленгі ұлттық тілдік негізде қалыптасқанымен, орыс және ағылшын тілдерінің ықпалы айқын екенін көрсетеді. Сленг мұнда әлеуметтік сәйкестікті білдірудің маңызды құралы ретінде сипатталады.

Л.Айзенбергтің *Janasozdik: Codifying an Inclusive Kazakh Slang* атты мақаласы қазақ сленгін әлеуметтік желілер материалдары негізінде жүйелеуімен ерекшеленеді. Автор қазақ сленгінің билингвистік ортада дамуын және оның инклюзивті сипатын көрсетеді. Бұл зерттеу қазақстандық сленгтің жаһандық үрдістермен үндес екенін дәлелдейді [10]. Интернет тілінің ерекшеліктері жазба және ауызекі тілдің функционалды айырмашылықтарын көрсетеді және қазақ тілінің әлеуметтік желілердегі динамикасын, тілдік инновацияларды, экспрессивтілікті, әлеуметтік идентификацияны зерттеуге мүмкіндік береді [11]. Қазіргі интернет-сленгті түсіндіру үшін тарихи-диахрондық негіз қалыптастырады, яғни қазіргі сленг бұрынғы бейресми сөйлеу формаларының жаңа технологиялық ортада қайта жаңғыруы ретінде бағалануы мүмкін [12].

Қазіргі әлеуметтік желілер кеңістігінде қалыптасқан сленг тілдік тұрғыдан қысқалық, эмоциялық қанықтылық және бейнелілік сипатымен ерекшеленеді.


Интернет-коммуникация жағдайында хабарды жылдам жеткізу қажеттілігі тілдік үнемділік қағидасын алдыңғы қатарға шығарады. Сленгтің динамикалық табиғаты, оның мағынасы уақыт пен контекстке байланысты үнемі жаңарып отырады [13]. Әлеуметтік желідегі коммуникацияны лингвистикалық талдау нәтижесінде интернет-дискурстың полифункционалды сипаты анықталды. Сленг бірліктерінің мәтіндік қысқалық пен мағыналық тығыздықты қамтамасыз етуі сленгтің прагматикалық тиімділігін арттырып, оны қазіргі цифрлық тілдік тәжірибенің ажырамас элементіне айналдырады.

Әлеуметтік желілердегі мәтіндер мен сленг бірліктерін талдау арқылы олардың полифункционалдығын, қысқалық пен мағыналық тығыздықты қамтамасыз етуін дәлелденіп, [14] интернет-сленгтің морфо-семантикалық ерекшеліктері мен контекстке тәуелділігін және уақытпен динамикалық өзгеруі анықталды [15]. Жасалған теориялық талдау шетелдік және қазақстандық зерттеулерде сленгтің көпқырлы құбылыс ретінде қарастырылатынын көрсетті. Шетелдік еңбектер сленгтің семантикалық динамикасын, когнитивтік табиғатын және интернет кеңістіктегі қызметін ашуға бағытталса, қазақстандық зерттеулер ұлттық тілдік орта, билингвизм және әдеби тіл нормаларының сақталуы мен сленгтің қазақ тіліне ықпалы мәселелеріне басымдық береді. Біздің ойымызша, әлеуметтік желілердегі сленгті тек әдеби тілге қауіп төндіретін құбылыс ретінде қарастыру біржақты көзқарас болып табылады.

Сонымен қатар, отандық ғалымдардың еңбектерінде көрсетілгендей, сленгтің шектен тыс қолданылуы қазақ әдеби тілінің нормаларына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан мәселені «тыйым салу» тұрғысынан емес, «саналы қолдану» және «тілдік мәдениетті қалыптастыру» тұрғысынан қарастыру қажет деп есептеймін.

Әлеуметтік желі сленгін когнитивтік және социолінгвистикалық тұрғыдан зерттеу қазақ тілінің қазіргі даму үдерістерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және ұлттық тілдің болашақтағы даму стратегиясын айқындауға ғылыми негіз бола алады. Осыған байланысты әлеуметтік желілерде қолданылатын сленг бірліктері көбіне қысқарған, ықшамдалған немесе семантикалық жағынан кеңейтілген формада көрініс табады.

Зерттеу материалын талдау нәтижелері әлеуметтік желі сленгінің басым бөлігі кірме лексика негізінде қалыптасатынын көрсетті. Әсіресе ағылшын және орыс тілдерінен енген сөздер жастар дискурсында белсенді қолданысқа ие. Бұл жағдай жаһандану үдерісімен, цифрлық технологиялардың халықаралық сипат алуымен және көптілді интернет кеңістігінің ықпалымен тікелей байланысты.



Сурет 1. Әлеуметтік желі сленгінің шығу арналары

Диаграмма (сурет 1) деректері ағылшын тілінің жетекші рөл атқаратынын айқын көрсетеді. «Хайп», «краш», «флекс» сияқты сленг сөздер бастапқы мағынасынан ауытқып, қазақ тілдік ортада жаңа прагматикалық және эмоциялық реңкке ие болған. Мысалы, *хайп* сөзі тек «танымалдық» емес, «жасанды қызығушылық», «уақытша тренд» мағынасында да қолданылады.

Орыс тілінен енген сленгтер көбіне эмоциялық-экспрессивтік қызмет атқарады. «Жесть», «зачет» сияқты сөздер белгілі бір жағдайға субъективті баға беру үшін қолданылады. Ал қазақша неологизмдер сленгтің ұлттық негізде де дамып келе жатқанын дәлелдейді.

Осылайша, әлеуметтік желі сленгі тілдердің өзара ықпалдастығы нәтижесінде қалыптасқан гибриді жүйе ретінде сипатталады. Бұл жүйе қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерімен қатар, сыртқы тілдік факторлардың да белсенді әсерін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік желі сленгінің жекелеген сөздер жиынтығы ғана емес, белгілі бір тұрақты мағыналық өріс қалыптастыратын концептуалдық құрылым екенін көрсетті. Сленг бірліктері қайталанбалы қолданыс нәтижесінде когнитивтік санада белгілі бір бейне, эмоция немесе бағалау үлгісімен байланысып, концепт деңгейіне көтеріледі.

Мысалы, «токсик» сленгі тек жағымсыз адамды сипаттайтын сөз емес, кең мағынада деструктивті қарым-қатынас, психологиялық қысым, әлеуметтік конфликт концептін білдіреді. Бұл сөзді қолдану арқылы сөйлеуші белгілі бір мінез-құлық моделіне тұтас баға береді. Ал «краш» концепті романтикалық қызығушылық, идеалдандыру, эмоционалдық тәуелділік сияқты ұғымдарды біріктіреді.

Семантикалық сленг концепттерінің бағыттары



Сурет 2. Сленг концепттерінің семантикалық бағыттары

Диаграмма (сурет 2) деректері сленгтің, ең алдымен, эмоциялық салада қызмет ететінін көрсетеді. Жастар интернет-дискурсында эмоцияны ашық, тікелей жеткізу маңызды рөл атқарады. Бағалауыш сленг әлеуметтік құбылыстарға, адамдарға немесе оқиғаларға субъективті көзқарасты білдіруге мүмкіндік береді. Ал идентификациялық сленг белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілілікті көрсетудің тиімді құралына айналған.

Сленгтің концепт ретінде қалыптасуы когнитивтік үнемділікпен де байланысты. Бір ғана қысқа сөз күрделі эмоционалдық немесе әлеуметтік жағдайды сипаттай алады. Бұл интернет-коммуникация жағдайында аса маңызды фактор болып табылады.

Әлеуметтік желі сленгі белгілі бір когнитивтік модельдер мен фреймдер негізінде ұйымдасады. Фрейм – белгілі бір ситуацияға қатысты білімдердің, эмоциялардың және әрекет үлгілерінің құрылымдалған жүйесі. Сленг бірліктері осы фреймдердің тілдік маркері қызметін атқарады.

Зерттеу барысында әлеуметтік желі сленгінде үш негізгі фрейм анықталды: эмоциялық фрейм, бағалау фреймі және өзін-өзі таныту фреймі.

Кесте 1. Сленг фреймдерінің жіктелуі

Фрейм түрі	Мысал	Қызметі
Эмоциялық	вау, жесьть	Эмоция білдіру
Бағалау	топ, отстой	Әлеуметтік баға
Идентификация	бро, краш	Топқа жату

Эмоциялық фрейм сленгтің ең кең таралған түрі болып табылады. Қазақ тіліндегі сленг – әдеби тіл нормаларынан ауытқығанымен, тілдің ішкі заңдылықтары негізінде қалыптасатын, белгілі бір әлеуметтік топтың, әсіресе жастардың бейресми қарым-қатынасында қолданылатын экспрессивті тілдік бірліктер жүйесі. Қазақша сленг көбіне метафора, семантикалық ауысу, эмоциялық күшейту және бағалауыш мағына тудыру арқылы жасалады. Ол ауызекі сөйлеу тілі мен интернет-дискурстың тоғысында дамып, тілдің икемділігін, бейнелілігін және коммуникативтік үнемділігін көрсетеді. Қазақ сленгінің басты ерекшелігі – ұлттық дүниетанымға тән образдылық пен эмоциялық қанықтылықтың сақталуы.

Өтті – бұл сленгтік бірлік қазақ жастарының сөйлеу тілінде белгілі бір әрекеттің, сөздің немесе оқиғаның сәтті, әсерлі және оң қабылданғанын білдіру үшін қолданылады. Семантикалық тұрғыдан «өту» етістігінің бастапқы мағынасы (бір кеңістіктен екінші

кеңістікке қозғалу) метафоралық ауысу арқылы бағалауыш мәнге ие болған. Когнитивтік деңгейде бұл тіркес «әсер ету → қабылдану» концептуалдық моделіне негізделген. Прагматикалық тұрғыдан алғанда, «өтті» сөзі коммуникативтік үнемділікті қамтамасыз етіп, қысқа формада жоғары бағалауды білдіреді.

Қоянның суретін салды – бұл тіркес ирониялық және әзіл-сықақ реңкі басым сленгтік бірлік болып табылады. Мағынасы белгілі бір адамның әрекетінің мағынасыз, қисынсыз немесе сапасыз орындалғанын білдіреді. Когнитивтік тұрғыдан бұл тіркес бейнелі ассоциацияға негізделген: «қоян» образы жеңілтектік пен аңғалдықты символдайды. Лингвомәдени аспектіден қарағанда, тіркес қазақтың образды ойлау жүйесіне тән юмор элементтерін сақтайды. Прагматикалық қызметі – сын айту, келеке ету немесе жағымсыз бағалау.

